

ҰЛЫТАУ
ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ



АКИМАТ
ОБЛАСТИ
ҰЛЫТАУ

ҚАУЛЫ

11 сәуірде 2023 н
Жезқазған қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 33/03
город Жезказган


**Мемлекеттік-жекешелік
әріптестік жобаларын
іске асыру жөніндегі
ұсыныстарды қалыптастыру
үшін әлеуметтік-экономикалық
міндеттердің 2023 жылға арналған
тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Заңының 25-бабы 4-1) тармағына, «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының бұйрығына сәйкес Ұлытау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыру үшін әлеуметтік-экономикалық міндеттердің 2023 жылға арналған тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. «Ұлытау облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ұлытау облысы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

Ұлытау облысының әкімі



 Б. Абдіғалиұлы

000587

Ұлытау облысы әкімдігінің
2023 жылғы «11» 07
№ 33/03 қаулысына қосымша

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру жөніндегі
ұсыныстарды қалыптастыру үшін әлеуметтік-экономикалық міндеттердің
2023 жылға арналған тізбесі

№	Әлеуметтік-экономикалық міндеттер
1	Арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жүйесін дамыту
2	Әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесін жаңарту
3	Медициналық инфрақұрылымды дамыту
4	Медициналық объектілерді жаңарту және күрделі жөндеу
5	Денсаулық сақтау саласына жеке инвестицияларды тарту
6	Медициналық кадрларды оқыту және біліктілігін арттыру
7	Жаңа мектептерді салу арқылы білім беру сапасын және қолжетімділікті жақсарту
8	Жаңа мектепке дейінгі білім беру нысандарын салу арқылы білім беру сапасын және қолжетімділікті жақсарту
9	Жаңа қосымша білім беру нысандарын салу арқылы білім беру сапасын және қолжетімділікті жақсарту
10	Денсаулық сақтау ұйымдарында PACS (медициналық кескіндерді сақтау және беру жүйесін) құру
11	Білім беру ұйымдарында цифрлық шешімдерді енгізу
12	Спорт объектілерінің желісін кеңейту арқылы спорт инфрақұрылыммен халықты қамтамасыз етуді ұлғайту
13	Спорт түрлері бойынша қосымша спорт секцияларын ашу арқылы қосымша жұмыс орындарын ашу
14	Спорт түрлерімен айналысатын халықтың қамтылуын ұлғайту